

Электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 1040 Қаулысы

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 11\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша [талаптар](#) белгіленсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2012 жылғы 10 тамыздағы
№ 1040 [қаулысына](#)
қосымша

Электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша талаптар

1. Электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігі бойынша талаптар (бұдан әрі - талаптар) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңының [4-бабының 11\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген және электр қозғалтқыштарының энергия тиімділігінің нормативтік көрсеткіштерін айқындайды.

2. Осы талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) электр қозғалтқыш - электр энергиясын айналмалы не үдемелі қозғалыстың механикалық энергиясына түрлендіруге арналған электр-механикалық құрылғы;

2) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) - энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар;

3) электр қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті (бұдан әрі - ПӘК) - пайызбен көрсетілген электр қозғалтқышының білігіндегі пайдалы қуаттың электр қозғалтқыштың желіден тұтынатын активті қуатының киловатпен көрсетілген қатынастарына тең коэффициент;

4) атаулы қуат - атаулы деректерге қосылған шығу қуатының санмен көрсетілген мәні;

5) жүктеме - уақыттың осы сәтінде электр торымен немесе онымен біріктірілген тетікпен айналмалы электр машинасынан талап етілетін электрлік және механикалық шамалардың барлық сандық мәндері;

6) режим - егер бұл қажет болса, іске қосу кезеңдерін, электрлік тоқтатуды, бос жүрісті, ажырату және тыныштық күйін, сондай-ақ олардың ұзақтығы мен уақыттағы бірізділігін қоса алғанда, машина арналған жүктеменің (жүктемелердің) өзгеру сипаттамасы;

7) қайталанатын қысқа уақыттық кезеңдік режим - жылудың тепе-теңдігіне қол жеткізу үшін жүктемемен жұмыс істеу ұзақтығы жеткіліксіз болғанда қозғалтқыш жұмысының біркелкі циклдерінің бірізділігі.

3. Осы талаптар:

1) 0,75 тен 375 киловаттқа дейінгіні (бұдан әрі - кВт) қоса алғандағы қуатпен;

2) полюс сандары 2, 4, 6;

3) тоқ жиілігі 50 гц, кернеу 1000 В дейінгі;

4) номиналды циклдік ұзақтығы 80 % немесе одан жоғары, жұмыс режимі үздіксіз немесе қайталанатын қысқа уақыттық кезеңдік, арнауы жалпы, қысқа-тұйық роторлы үш фазалық асинхрондық электр қозғалтқыштарына (бұдан әрі - электр қозғалтқыштары) қолданылады.

4. Осы талаптар полюстардың саны 8 және одан жоғары электр қозғалтқыштарға, жер беті, теңіз және әуе көліктерінде қолданылатын арнайы қозғалтқыштарға, жарылыстан қорғалған қозғалтқыштарға, сырғанау мүмкіндігі жоғары көп жылдамдықты қозғалтқыштарға қолданылмайды.

5. Электр қозғалтқыштарға ПЭК мәндері бойынша талаптар қойылады, олар осы талаптарға [қосымшада](#) көрсетілген мәндерге тең немесе жоғары болуы тиіс.

Электр қозғалтқыштарының
энергия тиімділігі бойынша
[талаптарға](#)
қосымша

Электр қозғалтқыштарының пайдалы әсер коэффициенттері (%)

Р/с №	P _н (номиналды қуаты) кВт	Полюстердің саны		
		2	4	6
1	2	3	4	5
1	0,75	72,1	72,1	70,0
2	1,1	75,0	75,0	72,9
3	1,5	77,2	77,2	75,2
4	2,2	79,7	79,7	77,7
5	3	81,5	81,5	79,7
6	4	83,1	83,1	81,4
7	5,5	84,7	84,7	83,1
8	7,5	86,0	86,0	84,7
9	11	87,6	87,6	86,4
10	15	88,7	88,7	87,7
11	18,5	89,3	89,3	88,6
12	22	89,9	89,9	89,2
13	30	90,7	90,7	90,2
14	37	91,2	91,2	90,8
15	45	91,7	91,7	91,4
16	55	92,1	92,1	91,9
17	75	92,7	92,7	92,6
18	90	93,0	93,0	93,3
19	110	93,3	93,3	93,3
20	132	93,5	93,5	93,5
21	160	93,8	93,8	93,8

22	200-ден 375-ке дейін	94,0	94,0	94,0
----	----------------------	------	------	------